

«Қазақ әдебиеті» пәнінен
(оқыту қазақ тілінде)

жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар

11-сынып
(қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

Нұр-Сұлтан, 2019

Құрметті мұғалім!

Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 11-сынып білім алушыларына «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасы негізінде дайындалған.

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушының тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстарда бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныстар түрінде берілген.

Қосымша материалдарды (нұсқаулықтар, таныстырылымдар, жоспарлар және т.б.), форумдағы талқылауларды және бейне нұсқауларды сіз «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ smk.edu.kz ресми сайтынан таба аласыз.

Жемісті жұмыс пен шығармашылық табыс тілейміз!

Әдістемелік ұсыныстар негізгі мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, критериалды бағалау бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне, басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстар дайындау барысында ресурстар (суреттер, мәтіндер, бейне және аудио материалдар, т.б.) қолжетімді ресми интернет-сайттардан алынды. Жинақ коммерциялық емес мақсатта құрастырылған.

МАЗМҰНЫ

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	4
«Тарихтың шертіп пернесін» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	4
2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	10
«Пайым мен парасат» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	10
3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	16
«Ғасырлық туынды» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	16
4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	22
«Әдебиеттегі сын- сарын» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	22

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«Тарихтың шертіп пернесін» бөлімі бойынша жиынтық бағалау
 С. Сейфуллин «Сыр сандық» өлеңі, І. Есенберлин «Қаһар» романы

Оқу мақсаты	11.1.1.1 әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы көтерілген ғаламдық мәселелерді терең түсіну
	11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> • Шығарманың композициялық құрылымын талдайды • Шығармадағы ғаламдық мәселелерді анықтайды • Шығарма идеясы мен автордың бейнесінің өзара байланысын табады
Ойлау дағдыларының	Білу, түсіну Қолдану
Орындау уақыты	15-20 минут

Тапсырма

1. І.Есенберлиннің «Қаһар» романының сюжеттік-композициялық құрылысын талдаңыз.



2. «Қыран қартайып өлмейді, қайғырып өледі, — дейтін еді ...» деген Бұқар жыраудың сөзі қай оқиғаға қатысты айтылды? Себебін әлемде орын алып жатқан саяси мәселелер тұрғысынан түсіндіріп жазыңыз.

3. С. Сейфуллин «Сыр сандық» өлеңінің идеясын автор бейнесімен байланыстырып талдаңыз.

- 1) Өлең арқылы ақынға қандай мінездеме беруге болады?
- 2) Оны қандай өлеңнің қандай жолдарынан аңғардыңыз? Мысал келтіріңіз.
- 3) Өлең идеясы мен ақынның азаматтық ұстанымын қалай байланыстыруға болады?

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Шығарманың композициялық құрылымын талдайды	1-2	шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын анықтайды;	5
		даналық сөзді әлемдегі саяси мәселемен байланыстырып, түсіндіреді;	2
		Мәселенің маңыздылығын өмірден мысал келтіріп дәлелдейді;	2
Шығармадағы ғаламдық мәселелерді анықтайды			
Автор бейнесін тауып, шығарманың негізгі идеясымен байланыстырады	3	өлең мазмұны негізінде ақынға мінездеме береді;	1
		өлең жолдарымен мысал келтіріп дәлелдейді;	1
		өлең идеясы мен ақынның азаматтық ұстанымын байланыстырады.	1
Барлығы			12

«Тарихтың шертіп пернесін» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)
«С. Сейфуллин «Сыр сандық» өлеңі, І. Есенберлин «Қаһар» романы»

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Шығарманың композициялық құрылымын талдайды Шығармадағы ғаламдық мәселелерді анықтайды.	Шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын анықтауда, даналық сөзді ғаламдық мәселемен байланыстыруда, мәселенің маңыздылығына өмірден мысал келтіріп, дәлелдеуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын анықтауда, даналық сөзді ғаламдық мәселемен байланыстыруда, мәселенің маңыздылығына өмірден мысал келтіріп, дәлелдеуде қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын анықтайды; даналық сөзді ғаламдық мәселемен байланыстырады; мәселенің маңыздылығын өмірден мысал келтіріп дәлелдейді. <input type="checkbox"/>
Автор бейнесін анықтап, шығарманың негізгі идеясымен байланыстырады	Өлең мазмұнына сүйеніп, ақын бейнесін мінездеуде, оған дәлел ретінде мысал келтіруде және өлең идеясы мен ақын бейнесін байланыстыра талдауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Өлең мазмұнына сүйеніп, ақын бейнесін мінездеуде, оған дәлел ретінде мысал келтіруде және өлең идеясы мен ақын бейнесін байланыстыра талдауда қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Өлең мазмұнына сүйеніп, ақын бейнесін мінездейді, оған дәлел ретінде мысал келтіреді және өлең идеясы мен ақын бейнесін байланыстыра талдайды. <input type="checkbox"/>

«Тарихтың шертіп пернесін» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

А. Сүлейменов «Бесатар» повесі

Оқу мақсаты	11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Шығармадағы мәселені ғаламдық мәселелермен салыстырады• Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды
Ойлау дағдыларының Орындау уақыты	Жоғары деңгей дағдылары 15-20 минут

Тапсырма

1. Үзіндіде қандай мәселе көтерілген? Автор ойды астарлап жеткізуде қандай әдеби тәсілді қолданған?

«...Жігітке нелер келіп, нелер кетпес... Күйген деген сөз боп па?...Тандырдағы қойдың қиына жауырынын төсегенді былай қойып, сендей асыл батырлар маздаған шоқты уыстап асап жүр зой, маздаған шоқты қос уыстап асап қоюға да мүмкін. Асап па ең?! Асамасаң асарсың. Нұрғазыны екі солдатқа сүйретіп апарып қызыл шоққа жыққан мен. Мен – Рекең екеуміз. Қара ормандай сыңсып туған, сыңсып тұрған жұртпыз зой: біз үшін бала зәру боп па? Марқұм әкейдің жалғыз қалған бастасы, Рекең, баласы Нұрғазының оң қолын шынтағынан қайырып алдық та, қойдың қиы жайнаған жер тандырға аттық та жібердік. Біз үшін бала зәру, азамат зәру, жолдас зәру боп па – аттық та жібердік.

2. Шығармада көтерілген мәселені әлемде болып жатқан қандай мәселелермен байланыстыруға болады?

А. Сүлейменов «Бесатар» повесінің идеясы	Шығарманың көтерген мәселесіне ұқсас қазіргі таңда орын алып жатқан оқиғалардан мысал	Неліктен дәл осы тақырыппен байланыстырдыңыз?

3. Берілген үзінді арқылы шығарманың тарихи құндылығына баға беріңіз. Өз ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.

«...Крейгель: - Ну, Голоножкин, очередь твоя, отличись. Сәруарды ат.

Голоножкин: - Я не могу, Ваше благородие.

Крейгель: - Что не можешь?

Голоножкин: - Я живу на их земле...»

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Шығармадағы мәселені ғаламдық мәселелермен салыстырады	1-2	шығармадағы мәселені анықтайды;	1
		ойды астарлап жеткізуде қолданған әдеби тәсілді табады;	1
		шығарманың идеясын өз сөзімен жазады;	1
		шығарма идеясына ұқсас шынайы өмірден мысалдар келтіреді;	1
		неліктен осы мысалмен байланыстыратындығын түсіндіреді;	1
Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды	3	шығарманың тарихи құндылығына сыни пікір білдіреді;	1
		өз ойын дәлелдеп жеткізеді.	1
Барлығы			7

«Тарихтың шертiп пернесiн» бөлiмi бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесiне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)
А. Сүлейменовтiң «Бесатар» повесi

Бiлiм алушының аты-жөнi _____

Бағалау критерийi	Оқу жетiстiгi деңгейi		
	Төмен	Орта	Жоғары
Шығармадағы мәселенi ғаламдық мәселелермен салыстырады	Шығармадағы мәселенi анықтауда, ойды астарлап жеткiзуде қолданған әдеби тәсiлдi табуда, шығарма идеясын шынайы өмiрмен байланыстырып, өз сөзiмен себебiн түсiндiруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Шығармадағы мәселенi анықтауда, ойды астарлап жеткiзуде қолданған әдеби тәсiлдi табуда, шығарма идеясын шынайы өмiрмен байланыстырып, өз сөзiмен себебiн түсiндiруде қателер жiбередi. <input type="checkbox"/>	Шығармадағы мәселенi анықтайды, ойды астарлап жеткiзуде қолданған әдеби тәсiлдi табады, шығарма идеясын шынайы өмiрмен байланыстырып, өз сөзiмен себебiн түсiндiредi. <input type="checkbox"/>
Шығарманың тарихи және көркемдiк құндылығын бағалайды	Шығарманың тарихи құндылығына өзiндiк сыни пiкiр бiлдiруде, өз ойын дәлелдеп жеткiзуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Шығарманың тарихи құндылығына өзiндiк сыни пiкiр бiлдiруде, өз ойын дәлелдеп жеткiзуде қателер жiбередi. <input type="checkbox"/>	Шығарманың тарихи құндылығына сыни пiкiр бiлдiредi, өз ойын дәлелдеп жеткiзедi. <input type="checkbox"/>

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«Пайым мен парасат» бөлімі бойынша жиынтық бағалау
 Қ. Аманжолов «Өзім туралы» өлеңі

Оқу мақсаты 11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау
 11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметіне талдау жасайды
- Автор стилін анықтайды
- Шығармадағы көтерілген мәселелерді өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашады

Ойлау дағдыларының Қолдану
Орындау уақыты 15-20 минут

Тапсырма

1. Үзіндіде қолданған көркемдегіш құралдардың қолданысына талдау жасаңыз.

Өлең үзінді	Көркемдегіш құралдар	Қызметі
Ежелден ерке бұлан Қасым едім, Бұлқына тасып едім, басып едім. Жүзім – жаз, көңілім – көктем кең пейілді, Жақсының жүрегіне ғашық едім. Сөзім – жыр, лебізім – күй ерке едім, Өз жерім, өз елімде еркеледім. Өмірдің алтын сарай аспанына Қиялым қақты қанат ерте менің.		
Автордың стильдік ерекшелігі		

2. Қ.Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңінде өзін қалай таныстырады? Ақын бойындағы ұлттық мінез бен қасиеттерді анықтаңыз. Өлеңнен мысал келтіріңіз.

*...Қасыммын, сол баяғы бір қасыммын,
 Бақытын ойламаймын құр басымның.
 Тымырсық түнек болсаң – дұшпаныңмын,
 Ақ көңіл адал болсаң – сырласыңмын...*

3. Үзіндіде қандай мәселе көтерілген? Ойыңызды өмірмен байланыстырып, дәлелдер келтіріңіз, ойтолғау түрінде жазыңыз.

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Шығармадағы көркемдегіш құралдардың қызметіне талдау жасайды Автор стилін анықтайды.	1	үзіндіден көркемдегіш құралдарды табады;	2
		көркемдегіш құралдардың қызметін ашады;	2
		автордың өзіндік стилін анықтайды;	1
Шығармадағы көтерілген мәселелерді өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашады	2-3	ақын бойындағы ұлттық мінез бен қасиеттерді анықтайды;	2
		шығармадан мысал келтіреді;	1
		шығармада көтерілген мәселені қазіргі өмірмен байланыстырады;	1
		өз ойына дәлелдер келтіреді.	1
Барлығы			10

**Қ.Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңі бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат
(рубрика)**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Шығармадағы көркемдегіш құралдардың қызметіне талдау жасайды	Үзіндіден көркемдегіш құралдарды табуда, көркемдегіш құралдардың қызметін ашуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Үзіндіден көркемдегіш құралдарды табуда, көркемдегіш құралдардың қызметін ашуда қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Үзіндіден көркемдегіш құралдарды табады, көркемдегіш құралдардың қызметін ашады. <input type="checkbox"/>
Автор стилін анықтайды	Автордың өзіндік стильдік ерекшеліктерін көрсетуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Автордың өзіндік стильдік ерекшеліктерін көрсетуде қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Автордың өзіндік стильдік ерекшеліктерін көрсетеді. <input type="checkbox"/>
Шығармадағы көтерілген мәселелерді өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашады	Ақын бойындағы ұлттық мінез бен қасиеттерді анықтауда, шығармадан мысал келтіруде, шығармада көтерілген мәселені қазіргі өмірмен байланыстыруда өз ойына дәлелдер келтіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Ақын бойындағы ұлттық мінез бен қасиеттерді анықтауда, шығармадан мысал келтіруде, шығармада көтерілген мәселені қазіргі өмірмен байланыстыруда өз ойына дәлелдер келтіруде қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Ақын бойындағы ұлттық мінез бен қасиеттерді анықтайды, шығармадан мысал келтіреді, шығармада көтерілген мәселені қазіргі өмірмен байланыстырады, өз ойына дәлелдер келтіреді. <input type="checkbox"/>

«Пайым мен парасат» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

С. Елубай «Жалған дүние» романы

Оқу мақсаты 11.2.4.1 көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып шығармашылық, жұмыс (эссе, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Шығармадағы мәселені ғаламдық деңгейде талдап, көтерілген мәселе бойынша креативті жұмыс жазады

Ойлау дағдыларының деңгейі

Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

15-20 минут

Тапсырма

1. Шығармада қандай мәселе көтерілген? Шығармадан кем дегенде 2 мысал келтіріңіз.

2. Үзінді арқылы автор қандай астарлы ойды жеткізіп тұр? Кейіпкердің өмірден түңілу себебін түсіндіріңіз.

«...Бұ заман, бұ қоғамның өгей баласы екен Едіге, енді аялдайтын несі қалды?! Бұған кер заман сыртын берген екен, бұл неге сол кер заманға сыртын бермеске?! Едігемен ұстасқан, Едігемен тістескен заман!!! Кер заман!!! Мен жеңілдім! Сен жеңдің! Мен жалғыз да, сен – көпсің. Сен қал! Мен кеттім! Қарамды батырдым. Қош!!! Едігесіз қалғанына бұл қоғам, бұ заман қуанбаса, қуармайтын тәрізді. Жалғызға қашанда жабыла кетуге бейім, ылғи да жалғызды жайпап тастауға бейім, қатыгез де әділетсіз дүние кәзірде тұлан тұтып тұр, бұны тезірек қыр асыра тұрып қарасын батырғысы келетіндей...»

3. «Адамға, ең алдымен, жанның қажеті, рухтың азығы қажет. Соны ұмытқан сәттен бастап, адамның хайуаннан көп айырмасы болмайды».

Үзіндіде автор қандай ғаламдық мәселені қозғаған? «Едіге – тағдыр тәлкегіне қарамастан рух тәуелсіздігіне қарсы күрескен жанкешті адам» тақырыбында әдеби эссе жазыңыз. Сөз көлемі – 100-120 сөз.

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Шығармадағы мәселені ғаламдық деңгейде талдап, көтерілген мәселе бойынша креативті жұмыс жазады	1-3	шығармада көтерілген мәселені анықтайды;	1
		шығармадан 2 мысал келтіреді;	2
		үзіндідегі астарлы ойды анықтайды;	1
		себебін түсіндіреді;	1
		үзіндідегі ғаламдық мәселені анықтайды;	1
		Едіге бейнесіне талдау жасауда тарихи оқиғалармен байланыстырады;	1
		өз пікірін білдіруде креативтілік танытады.	1
Барлығы			8

«Пайым мен парасат» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)
С. Елубай «Жалған дүние» романы

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Шығармадағы мәселені ғаламдық деңгейде талдап, көтерілген мәселе бойынша креативті жұмыс жазады	Шығармада көтерілген мәселені анықтауда, шығармадан мысал келтіруде қиналады <input type="checkbox"/>	Шығармада көтерілген мәселені анықтауда, шығармадан мысал келтіруде қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Шығармада көтерілген мәселені анықтайды, шығармадан мысал келтіреді. <input type="checkbox"/>
	Үзіндідегі астарлы ойды анықтап, себебін түсіндіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Үзіндідегі астарлы ойды анықтап, себебін түсіндіруде қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Үзіндідегі астарлы ойды анықтайды, себебін түсіндіреді. <input type="checkbox"/>
	Үзіндідегі ғаламдық мәселені анықтауда, Едіге бейнесіне талдау жасауда тарихи оқиғалармен байланыстырып, өз пікірін білдіруде креативтілік танытуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Үзіндідегі ғаламдық мәселені анықтауда, Едіге бейнесіне талдау жасауда тарихи оқиғалармен байланыстырып, өз пікірін білдіруде креативтілік танытуда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Үзіндідегі ғаламдық мәселені анықтайды, Едіге бейнесіне талдау жасауда тарихи оқиғалармен байланыстырады, өз пікірін білдіруде креативтілік танытады. <input type="checkbox"/>

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«Ғасырлық туынды» бөлімі бойынша жиынтық бағалау
 М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы

- Оқу мақсаты** 11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету
 11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын, жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау

- Бағалау критерийі** *Білім алушы*
- Шығармадағы кейіпкерлердің дара және жинақтық ерекшеліктерін анықтайды
 - Кейіпкерлер жүйесі арқылы өмір шындығын анықтайды
 - Шығарманың уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдап, жанрлық ерекшеліктерін айқындайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Орындау уақыты 15-20 минут

Тапсырма

1. «Абай жолы» романындағы Абай мен Құнанбайдың әрқайсысына тән бойындағы мінез-құлықты салыстырып, оларға ортақ сипаттарды көрсетіңіз.



2. М.Әуезов Құнанбай мен Абай образдары арқылы сол кездегі қандай қоғамдық шындықты көрсеткісі келді?

Құнанбай образы	Іс-әрекеті (шығармадан мысал)	Қоғамдық өмір шындығы

Абай образы	Іс-әрекеті (шығармадан мысал)	Қоғамдық өмір шындығы

3. Роман бөлімдері бойынша уақыт пен кеңістік көрінісін талдай отырып, жанрлық ерекшеліктерін айқындаңыз.

Бөлімдер	Оқиға орын алатын уақыт	Оқиға орын алатын кеңістік
«Қайтқанда»		
«Қат-қабатта»,		
«Шытырманда»		
«Бел-белесте»		
«Өрде»,		
«Қияда»		
Жанрлық ерекшеліктері (кем дегенде 3)		

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Шығармадағы кейіпкерлердің даралық және жинақтық ерекшеліктерін анықтайды	1	Құнанбайдың дара және жинақтық қасиеттерін көрсетеді;	1
		2-3 дәлел келтіреді;	1
		Абайдың даралық және жинақтық қасиеттерін көрсетеді;	1
		2-3 дәлел келтіреді;	1
Кейіпкерлер жүйесі арқылы өмір шындығын анықтайды	2	шығармадан Құнанбай образы арқылы берілген өмір шындығына мысал келтіреді;	1
		шығармадан Абай образы арқылы берілген өмір шындығына мысал келтіреді;	1
		Сол кездегі кезеңмен байланыстырады;	1
Шығарманың уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдап, жанрлық ерекшеліктерін айқындайды	3	Бөлімдердегі оқиға өткен уақытты көрсетеді;	1
		Бөлімдердегі оқиға өткен кеңістікті көрсетеді;	1
		Роман-эпопеяның уақыт пен кеңістікке қатысты ауқымын көрсетеді.	2
		Жанрлық ерекшеліктерін көрсетеді.	1
Барлығы			12

«Ғасырлық туынды» бөлімі М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Шығармадағы кейіпкерлердің даралық және жинақтық ерекшеліктерін анықтайды	Құнанбайдың даралық және жинақтық қасиеттерін көрсетіп, 2-3 дәлел келтіруде, Абайдың даралық және жинақтық қасиеттерін көрсетіп, 2-3 дәлел келтіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Құнанбайдың даралық және жинақтық қасиеттерін көрсетіп, 2-3 дәлел келтіруде, Абайдың даралық және жинақтық қасиеттерін көрсетіп, 2-3 дәлел келтіруде қате жібереді. <input type="checkbox"/>	Құнанбайдың даралық және жинақтық қасиеттерін көрсетеді, 2-3 дәлел келтіреді, Абайдың даралық және жинақтық қасиеттерін көрсетеді, 2-3 дәлел келтіреді. <input type="checkbox"/>
Кейіпкерлер жүйесі арқылы өмір шындығын анықтайды	Шығармадан Құнанбай образы арқылы берілген өмір шындығына мысал келтіруде, шығармадан Абай образы арқылы берілген өмір шындығына мысал келтіруде, сол кездегі өмірмен байланыстыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Шығармадан Құнанбай образы арқылы берілген өмір шындығына мысал келтіруде, шығармадан Абай образы арқылы берілген өмір шындығына мысал келтіруде, сол кездегі өмірмен байланыстыруда қате жібереді. <input type="checkbox"/>	Шығармадан Құнанбай образы арқылы берілген өмір шындығына мысал келтіреді, Шығармадан Абай образы арқылы берілген өмір шындығына мысал келтіреді, Сол кездегі өмірмен байланыстырады. <input type="checkbox"/>
Шығарманың уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдап, жанрлық ерекшеліктерін айқындайды	Бөлімдердегі оқиға өткен уақытты, бөлімдердегі оқиға өткен кеңістікті, роман-эпопеяның уақыт пен кеңістікке қатысты ауқымын көрсетуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Бөлімдердегі оқиға өткен уақытты, бөлімдердегі оқиға өткен кеңістікті, роман-эпопеяның уақыт пен кеңістікке қатысты ауқымын көрсетуде қате жібереді. <input type="checkbox"/>	Бөлімдердегі оқиға өткен уақытты, бөлімдердегі оқиға өткен кеңістікті, роман-эпопеяның уақыт пен кеңістікке қатысты ауқымын көрсетеді. <input type="checkbox"/>

«Ғасырлық туынды» бөлімі бойынша жиынтық бағалау
М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы»

Оқу мақсаты 11.3.2.1 көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Шығарманың жаңашылдығын анықтайды
- Ғаламдық мәселелермен байланыстырып баға береді

Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 15-20 минут

Тапсырма

1. *«Абай кезіндегі қазақ даласында, күні өтіп бара жатқан, бірақ тамыры әлі де тереңдегі ескіні мен Құнанбай образына жинақтадым. Ал оның баласы Абай бойында енді туып келе жатқан жаңа леп бар. Сондықтан ақын Абайдың қалыптасуын көрсету арқылы мен үлкен қоғамдық шындықты - ескі мен жаңаның қарама-қарсылығын, күрес нәтижесінде ескіні жаңаның жеңуін ашуға тиіс болдым», – деген автордың пікіріне сүйеніп, Құнанбай мен Абайдың ұстанымдарындағы айырмашылықтарды көрсетіңіз.*

Талдау	Құнанбай	Абай
Ұстанымы		
Қоғам үшін маңыздылығы		
Өз көзқарасыңыз		

2. «Абай жолы» романында көрініс тапқан жер дауы мәселесі қазіргі кезде халықаралық саясатта қалай шешімін табуда?

3. Шығармадағы және қазіргі замандағы «Жер – ұлттың ортақ қазынасы» пікіріне сыни көзқарасыңызды білдіріңіз.

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Шығарманың жаңашылдығын анықтайды Ғаламдық мәселелермен байланыстырып баға береді	1	Құнанбайдың ұстанымы мен қоғам үшін маңыздылығы көрсетіп, өз көзқарасын білдіреді;	3
		Абайдың ұстанымы мен қоғам үшін маңыздылығы көрсетіп, өз көзқарасын білдіреді;	3
	2-3	Шығармадағы жер дауының қазіргі кездегі көрінісін талдайды;	1
		Ұсынылған пікірге өз көзқарасын білдіреді.	1
Барлығы			8

«Ғасырлық туынды» бөлімі М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Шығарманың жаңашылдығын анықтайды Ғаламдық мәселелермен байланыстырып баға береді	Құнанбайдың ұстанымы мен қоғам үшін маңыздылығы көрсетіп, Абайдың ұстанымы мен қоғам үшін маңыздылығы көрсетіп, өз көзқарасын білдіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Құнанбайдың ұстанымы мен қоғам үшін маңыздылығы көрсетіп, өз көзқарасын, Абайдың ұстанымы мен қоғам үшін маңыздылығы көрсетіп, өз көзқарасын білдіруде қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Құнанбайдың ұстанымы мен қоғам үшін маңыздылығы көрсетіп, өз көзқарасын білдіреді, Абайдың ұстанымы мен қоғам үшін маңыздылығы көрсетіп, өз көзқарасын білдіреді. <input type="checkbox"/>
	Шығармадағы жер дауының қазіргі кездегі көрінісін талдауда, ұсынылған пікірге өз көзқарасын білдіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Шығармадағы жер дауының қазіргі кездегі көрінісін талдауда, ұсынылған пікірге өз көзқарасын білдіруде қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Шығармадағы жер дауының қазіргі кездегі көрінісін талдайды. Ұсынылған пікірге өз көзқарасын білдіреді. <input type="checkbox"/>

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Әдебиеттегі сын- сарын» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Т. Молдағалиев «Бауырлар» өлеңі, Таласбек Әсемқұлов «Бекторының қазынасы»

Оқу мақсаты	11.1.4.1	көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстырып, шығармашылық жұмыстарда қолдану
	11.2.5.1	қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау

Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i>
	<ul style="list-style-type: none">• Үзіндіні ғаламдық мәселелермен байланыстырады• Үзінділерді шығармашылық жұмыста қолданады• Шығарманың мен әлем әдебиетіндегі шығармамен ортақ бағытын, әдеби ағымын, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтайды• Шығармалардағы жалпыадамзаттық құндылықтардың көрінісіне талдау жасайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Орындау уақыты 15-20 минут

Тапсырма

1. Т. Молдағалиевтың «Бауырлар» өлеңіндегі көтерілген мәселені ашыңыз. Мәселенің ғаламдық деңгейдегі өзектілігіне дәлел келтіріңіз.

2. *Туған елсіз ешқашан көгермейсің,
Кім қашанғы бұғауға көнер дейсің.*

*Қазақ болып туғаның рас болса,
Алматыға бір келмей және өлмейсің,* - деген жолдарды өз ойыңызбен өлең түрінде жалғастырыңыз.

3. Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» шығармасын О.Уайлдың «Дориан Грейдің портреті» шыңғармасымен салыстыра талдаңыз.

Талдау бағыттары	Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы»	О.Уайлдың «Дориан Грейдің портреті»
Әдеби ағымы		
Әдеби бағыты		
Жанры		
Авторлар үні мен ойы		
Жалпыадамзаттық құндылықтары		

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Үзіндіні ғаламдық мәселелермен байланыстырады	1	өлеңдегі көтерілген мәселені көрсетеді;	1
		кілт сөздер арқылы дәлелдейді;	1
		мәселені әлемдегі өзге елдермен байланыстырады;	1
		1-2 мысал келтіреді;	1
Үзінділерді шығармашылық жұмыста қолданады	2	шығармашылық жұмысын үзінді идеясымен байланыстырады;	1
		қара өлең ұйқасын ұстанады;	1
		өз ойын анық береді;	1
		креативтілік танытады;	1
Шығарманың мен әлем әдебиетіндегі бір шығармамен ортақ бағытын, әдеби ағымын, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтайды	3	шығармалардың әдеби ағымын анықтап, дәлелдейді;	2
		шығармалардың әдеби бағытын анықтап, дәлелдейді;	2
		шығармалардың жанрын анықтап, дәлелдейді;	2
		авторының үні мен ойын шығармалардан мысал арқылы көрсетеді;	2
		шығармалардың жалпыадамзаттық құндылықтары жайлы пікірін білдіреді.	1
Барлығы			17

«Әдебиеттегі сын- сарын» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)
Т. Молдағалиев «Бауырлар» өлеңі, Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы»

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Үзіндіні ғаламдық мәселелермен байланыстырады	Өлеңдегі көтерілген мәселені көрсетіп, кілт сөздер арқылы дәлелдеуде, мәселені әлемдегі өзге елдермен байланыстырып, 1-2 мысал келтіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Өлеңдегі көтерілген мәселені көрсетіп, кілт сөздер арқылы дәлелдеуде, мәселені әлемдегі өзге елдермен байланыстырып, 1-2 мысал келтіруде қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Өлеңдегі көтерілген мәселені көрсетіп, кілт сөздер арқылы дәлелдейді, мәселені әлемдегі өзге елдермен байланыстырып, 1-2 мысал келтіреді. <input type="checkbox"/>
Үзінділерді шығармашылық жұмыста қолданады	Шығармашылық жұмыс үзіндіні идеясымен байланыстыруда, қара өлең ұйқасын қолдануда, өз ойын анық беруде, креативтілік танытуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Шығармашылық жұмыс үзіндіні идеясымен байланыстыруда, қара өлең ұйқасын қолдануда, өз ойын анық беруде, креативтілік танытуда қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Шығармашылық жұмыс үзіндіні идеясымен байланыстырады, қара өлең ұйқасын қолданады; өз ойын анық береді; креативтілік танытады. <input type="checkbox"/>
Шығарманың мен әлем әдебиетіндегі бір шығармамен ортақ бағытын, әдеби ағымын, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтайды	Шығармалардың әдеби ағымын, әдеби бағытын, жанрын анықтап, дәлелдеуде, авторының үні мен ойын шығармалардан мысал арқылы көрсетуде, шығармалардың жалпыадамзаттық құндылықтары жайлы пікірін білдіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Шығармалардың әдеби ағымын, әдеби бағытын, жанрын анықтап, дәлелдеуде, авторының үні мен ойын шығармалардан мысал арқылы көрсетуде, шығармалардың жалпыадамзаттық құндылықтары жайлы пікірін білдіруде қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Шығармалардың әдеби ағымын, әдеби бағытын, жанрын анықтап, дәлелдейді, авторының үні мен ойын шығармалардан мысал арқылы көрсетеді, шығармалардың жалпыадамзаттық құндылықтары жайлы пікірін білдіреді. <input type="checkbox"/>

«Әдебиеттегі сын-сарын» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Эрнест Хемингуэй «Шал мен теңіз» повесі

Оқу мақсаты	11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">Шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, әдеби сын жазады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	15-20 минут
Тапсырма	

1. «Шал мен теңіз» повесін қазақ өнеріндегі мазмұндас шығармамен салыстырыңыз.

Эрнест Хемингуэйдың «Шал мен теңіз» повесі	Ермек Тұрсыновтың «Шал» фильмі
Ұқсастығы	
1.	
2.	
3.	
4.	
Айырмашылығы	
1.	1.
2.	2.
3.	3.
4.	4.

2. Ермек Тұрсыновтың «Шал» фильмі Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесі сарыны негізінде түсірілген. Повесть пен фильмнің өнер сүйер қауымға әсері тұрғысынан «Екі жанрдың ойды берудегі ұтымдылығы неде?» деген сұраққа әдеби сын жазыңыз.

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
Шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, әдеби сын жазады	1	Э. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесі мен Е.Тұрсыновтың «Шал» фильмінің ұқсастықтарын көрсетеді;	4
		Э. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесі мен Е.Тұрсыновтың «Шал» фильмінің айырмашылықтарын көрсетеді;	4
	2	екі жанрдың ерекшеліктерін көрсетеді;	2
		өз тұжырымдарын аргументтермен дәлелдейді;	2
		ойын жүйелі жеткізеді.	1
Барлығы			13

«Әдебиеттегі сын- сарын» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)
 Эрнест Хемингуэй «Шал мен теңіз» повесі

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, әдеби сын жазады	Э. Хемингуэйдың «Шал мен теңіз» повесі мен Е.Тұрсыновтың «Шал» фильмінің ұқсастықтарын және айырмашылықтарын көрсетуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Э. Хемингуэйдың «Шал мен теңіз» повесі мен Е.Тұрсыновтың «Шал» фильмінің ұқсастықтарын және айырмашылықтарын көрсетуде қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Э. Хемингуэйдың «Шал мен теңіз» повесі мен Е.Тұрсыновтың «Шал» фильмінің ұқсастықтарын және айырмашылықтарын көрсетеді. <input type="checkbox"/>
	Екі жанрдың ерекшеліктерін ашуда, өз тұжырымдарын аргументтермен дәлелдеп, ойын жүйелі беруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Екі жанрдың ерекшеліктерін ашуда, өз тұжырымдарын аргументтермен дәлелдеп, ойын жүйелі беруде қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Екі жанрдың ерекшеліктерін ашады, өз тұжырымдарын аргументтермен дәлелдеп, ойын жүйелі береді. <input type="checkbox"/>

